



Автор: Сатаева Калимаш Казеновна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 9-сынып
Бөлім: Мәңгілік Ел – мұратым. Стилистика
Тақырып: Мәңгілік Ел-мұратым.

Мәңгілік Ел-мұратым.	Т/А 9.1.1.1.Мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру. ӘТН 9.4.1.1. Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу. Барлық оқушылар орындай алады: Мәтінді тыңдап түсінеді, сұрақтарға болжаммен жауап береді. Тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай қолдана алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Тыңдалған мәтіндегі сұрақтарға болжаммен жауап бере отырып, түпнұсқамен салыстыра алады. Тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай орынды қолдана алады. Кейбір оқушылар орындай алады: Тыңдалған мәтіндегі сұрақтарға болжаммен жауап бере алады, түпнұсқамен салыстыра отырып, өзіндік сыни көзқарасын білдіреді, тарихпен байланыстырады. Емле заңдылығын ескеріп, тілдік бірліктерді таңдап қолдана біледі.
----------------------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Мәңгілік Ел-мұратым (27.12.2019)	Бағалау критерийі • Сұрақтарға болжаммен жауап беріп, түпнұсқамен салыстырады, тарихпен байланыстырады. • Тілдік бірліктерді нормаға сай қолданады. Тілдік мақсат Оқушылар орындай алады: мәтінді мұқият тыңдайды, мәтін мазмұнын түсінеді, сұраққа жауап береді, түпнұсқамен салыстырады, орфографиялық нормаға сай жазады, сыни көзқарасын білдіреді, тарихпен байланыстырады Нақты тақырыптарға арналған сөздік қор, терминология синтаксис, орфографиялық норма, тілдік бірлік, мәнмәтін, мәтін Диалог құруға қажет сөздер "менің болжауым бойынша...", "біз ойлағандай...", "менің пікірім негізінде...", "қорыта айтқанда..." Талқылауға арналған сұрақтар -"Мәңгілік ел" ұғымының біздің елімізбен байланыстырылуына келісесің бе? Неліктен? -Ажалдан қашқан Қорқыт баба мен "Мәңгілік ел" идеясын байланыстыруға бола ма? Неліктен? Құндылықтарға баулу "Мәңгілік ел-ұлттық идеясы", "Рухани жаңғыру" бастамаларының негізінде ынтымақтастыққа, бірлікке, ұлтжандылыққа, ұлттық мұраға мұқият болуға тәрбиелеу. Пәнаралық байланыс тарих, әдебиет, география Алдыңғы оқу "Мәңгілік ел құндылықтары" тақырыбы бойынша өтілген материалдарды еске түсіру "Қағаздағы сұрақтар" әдісі	